

12. 09.2025ж

Бұйрық № 32/1 Н/Қ

12. 09.2025ж

2025-2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру және жұмысын ұйымдастыру туралы

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығының талаптарын басшылыққа ала отырып, педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған балабақшаның Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) келесі құрамда жасақталсын:

Кеңес төрағасы: Умарова Айгуль Махамбетовна

Кеңес хатшысы: Бердонгарова А.Ж.

Кеңес мүшелері: Изжанова Э.А. – педагог, ата- ана комитетінің өкілі

Куанышова К.Н.

Дүйсен А.С. -педагог

2.Кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3.Кеңес төрағасы А.М.Умароваға және мүшелеріне:

Педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуына мониторинг жүргізу;

Педагогтер мен тәрбиеленушілердің ата-аналары арасындағы өзара сыйластық пен этикалық нормалардың бұзылу жағдайларының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының
менгеруші:



М.М.Журтканова

«Бекітемін» _____
 «АйКүн» бөбекжай- балабақшасының
 меңгерушісі: М.М.Жұртканова
 «АйКүн»
 Қыркүйек, 2025 жыл
 РСН 221140026537 БС
 Республика Қазақстан

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының
«Педагогикалық әдеп» кеңесінің жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

№	Қаралатын мәселер	Мерзімі	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы . Күн тәртібінде 1.Күзгі кезеңге арналған кеңес құрамын бекіту. 2. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтарға таныстыру. 3. Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын мақұлдау. Профилактикалық жұмыстар 1. «Педагог мәртебесі туралы» Заңды талқылау. 2. Балабақшадағы ішкі тәртіп ережелерін қайта қарау.	Қыркүйек	Педагогикалық әдеп кеңесі
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Кәсіби құзыреттілік 1. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы мәдениет. 2. Әлеуметтік желілердегі мінез-құлық әдебі. Психологиялық қолдау шаралары 1. «Ұжымдағы жағымды микроклимат» тренингі. 2. Педагогтардың эмоционалдық жануының алдын алу.	желтоқсан	Педагогикалық әдеп кеңесі
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы . Мониторинг және бақылау 1. Бала құқықтарының сақталуын қадағалау нәтижесі. 2. Еңбек тәртібінің сақталу барысын саралау. Әдістемелік көмек көрсету 1. Жас мамандарға кәсіби кеңес беру жұмыстары. 2. «Педагогтың сырт келбеті мен сөйлеу мәдениеті» дөңгелек үстелі.	наурыз	Педагогикалық әдеп кеңесі
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы . Жылдық қорытынды 1. 2025-2026 оқу жылындағы кеңес есебін тыңдау. 2. Белсенді педагогтарды марапаттауға ұсыну.	Мамыр	Педагогикалық әдеп кеңесі

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 25 қыркүйек 2025 жыл

Өткізілетін орны: Муз зал

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы: Умарова Айгуль Махамбетовна

Бердонгарова А.Ж.

кеңес мүшелері:

Изжанова Э.А

Куанышова К.

Дүйсен А.С.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Күзгі кезеңге арналған педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту.
2. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтарға таныстыру.
3. Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын мақұлдау.
4. **Профилактикалық жұмыстар:**
«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын талқылау.
Балабақшадағы ішкі тәртіп ережелерін қайта қарау.

1-3 МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША (Ұйымдастыру және жоспарлау):

Тындалды:

Кеңес төрағасы Умарова А.М. сөз сөйлеп, қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Күзгі кезеңге арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жаңартылған құрамын бекітуді, педагогтардың кәсіби этика қағидаларын сақтауын қадағалау маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар, жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасын таныстырды. [

Сөз сөйлегендер:

Кеңес мүшесі : Изжанова Э.А

- Кеңес құрамына тәжірибелі педагогтар мен кәсіподақ өкілдері енгенін қолдайтынын жеткізді. Жұмыс жоспарына ұжымдағы психологиялық ахуалды жақсарту бағытындағы іс-шараларды қосуды ұсынды.

Қаулы етті:

1. Күзгі кезеңге арналған педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы бекітілсін.
2. Педагогикалық әдеп ережелері барлық педагогтарға таныстыру үшін міндетті түрде қабылдансын.
3. Жаңа 2022-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мақұлдалсын және басшылыққа алынсын.

4 МӘСЕЛЕ БОЙЫНША (Профилактикалық жұмыстар):

Тындалды:

1. Профилактикалық жұмыстар аясында төраға Умарова А.М сөз алып, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының негізгі баптарын түсіндірді. Педагогтардың құқықтары мен міндеттерін, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау тетіктеріне ерекше тоқталды.

2. Балабақшаішілік тәртіп ережелерінің сақталуы, жұмыс уақытын тиімді пайдалану, ата-аналармен және балалармен қарым-қатынас мәдениеті бойынша ішкі ережелерді қайта қарау қажеттігі айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Тәрбиеші : Куанышова К. Заң талаптарын сақтау әрбір педагогтың міндеті екенін, ал ішкі тәртіп ережелеріне заман талабына сай өзгерістер мен нақтылаулар енгізу орынды болатынын айтты.

Қаулы етті:

1. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның талаптары ұжым мүшелеріне әдістемелік көмек ретінде ұсынылсын және насихатталсын.
2. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері қайта қаралып, толықтырулар енгізу үшін әкімшілікке ұсыныс берілсін.

Кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:



Умарова А.М.

Бердонгарова А.Ж.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 15 желтоқсан 2025 жыл

Өткізілетін орны: Муз зал

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы: Умарова Айгуль Махамбетовна

Бердонгарова А.Ж.

кеңес мүшелері:

Изжаanova Э.А

Куанышова К.

Дүйсен А.С.

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. Кәсіби құзыреттілік:

Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы мәдениет.

Әлеуметтік желілердегі мінез-құлық әдебі.

2. Психологиялық қолдау шаралары:

«Ұжымдағы жағымды микроклимат» атты тренинг.

Педагогтердің эмоционалдық жануының алдын алу жолдары.

Тыңдалған мәселелер мен талқылаулар

Бірінші сұрақ бойынша (Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы мәдениет):

Баяндамашы Куанышова К.Н. тәрбиеші мен ата-ана арасындағы сыйластық, әдептілік және өзара түсінік бала тәрбиесінде маңызды екенін айтты. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдепті сақтау, жанжалды жағдайларды болдырмау жолдары туралы сөз болды.

Екінші сұрақ бойынша (Әлеуметтік желілердегі мінез-құлық әдебі):

Педагогтің қоғамдағы беделі оның әлеуметтік желідегі парақшаларындағы әрекеттеріне тікелей байланысты екені атап өтілді.

Желіде артық ақпарат жарияламау, кәсіби этиканы бұзбау және балалардың жеке өміріне қатысты фото/видеоларды рұқсатсыз салмау ережелері түсіндірілді. Топтардың ата – аналарымен байланыстағы WhatsApp чаттарында да этиканы бұзбай және бұзуына жол бермеу керектігі туралы түсіндірілді.

Үшінші және төртінші сұрақтар бойынша (Психологиялық қолдау және эмоционалдық жану):

Куанышова К.Н. ұжымдағы қарым-қатынасты жақсарту мақсатында «Ұжымдағы жағымды микроклимат» тренингін өткізді.

Жұмыс барысында туындайтын күйзеліс пен эмоционалдық жанудың (самовыгорание) алдын алу үшін демалу әдістері мен өзін-өзі реттеу жаттығулары ұсынылды.

Кеңестің шешімі:


1. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы байланысты тек сыпайы, кәсіби деңгейде жүргізу міндеттелсін.
2. Барлық педагогтерге әлеуметтік желілерді қолдану кезінде педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау ескертілсін.
3. Қуанышова К.Н. ұжымдағы ахуалды жақсартуға бағытталған тренингтер мен жұмыстарды тоқсан сайын жалғастыру тапсырылсын.
4. Эмоционалдық жанудың алдын алу мақсатында педагогтерге арналған жеке кеңес беру жұмыстары күшейтілсін.

Кеңес төрағасы:



Умарова А.М.

Кеңес хатшысы:



Бердонгарова А.Ж.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №3

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 15 наурыз 2026 жыл

Өткізілетін орны: Муз зал

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы: Умарова Айгуль Махамбетовна

Бердонгарова А.Ж.

кеңес мүшелері:

Изжаanova Э.А

Куанышова К.

Дүйсен А.С.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

I. Мониторинг және бақылау

1. Бала құқықтарының сақталуын қадағалау нәтижесі.
2. Еңбек тәртібінің сақталу барысын саралау.

II. Әдістемелік көмек көрсету

1. Жас мамандарға кәсіби кеңес беру жұмыстары.
2. «Педагогтың сырт келбеті мен сөйлеу мәдениеті» дөңгелек үстелі.

I. Мониторинг және бақылау

1. Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Умарова А.М. сөз алды.

Баяндамашы балабақшамыздағы білім алушылардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуына жүргізілген мониторинг нәтижелерін таныстырды. Балалардың психологиялық және физикалық қауіпсіздігі, ортадағы қолайлы ахуал, сондай-ақ педагогтердің оқушылармен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынасы қадағаланғаны айтылды. Қадағалау барысында өрескел бұзушылықтар анықталмағанымен, кейбір топтарда тәрбиеленушілердің жеке пікірін тыңдау мен әдеп нормаларын ұстануда ескеретін тұстар атап өтілді.

Сөзге шыққандар: Балабақшамыздың қосымша педагогі-Дүйсен А.С. бала құқықтарын қорғаудағы ұстаздың жауапкершілігі туралы өз пікірін білдірді.

Қабылданған шешім :

1. Бала құқықтарының сақталуына тұрақты түрде ішкі мониторинг жүргізу жалғастырылсын.
2. Педагогтерге оқушылармен қарым-қатынаста педагогикалық этика нормаларын қатаң сақтау ескертілсін.

2. Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша сөз алды: Умарова А.М.

Баяндамашы ұжымдағы еңбек тәртібінің сақталу барысын саралады. Жұмыс уақытын тиімді пайдалану, жұмысқа кешікпей келу, ішкі тәртіп ережелерін орындау мәселелері сөз болды. Педагогикалық әдеп ережелерін білу және сақтау — әрбір педагогтің кәсіби қызметі мен тәртібінің басты көрсеткіші екені айрықша атап өтілді. Жалпы еңбек тәртібі қанағаттанарлық деңгейде екендігі хабарланды.

Қабылданған шешім :

1. Еңбек тәртібі мен қызметтік міндеттерді тиісті деңгейде атқару бақылауда ұсталсын.
2. Ұжымдағы тәртіп пен жауапкершілікті одан әрі нығайту жұмыстары жүргізілсін.

II. Әдістемелік көмек көрсету

1. Тындалды:

Үшінші мәселе бойынша Изжанова Э.А. сөз алды.

Жас мамандарға кәсіби кеңес беру жұмыстарының барысы туралы есеп берілді. Жас педагогтердің сабақ өткізу әдістемесіне қолдау көрсету, ата-аналармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру және оларға кәсіби бағдар беру бағытында атқарылған іс-шаралар баяндалды. Жас маманның бейімделу кезеңінде педагогикалық әдепті меңгеруі маңызды екені жеткізілді.

Қабылданған шешім :

1. Тәжірибелі педагогтердің жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету жұмыстары белсендірілсін.
2. Жас мамандарға жеке кәсіби кеңес беру кестесі бекітілсін.

2. Тындалды:

Төртінші мәселе бойынша «Педагогтың сырт келбеті мен сөйлеу мәдениеті» тақырыбындағы дөңгелек үстел отырысы басталды. Баяндамашы Умарова Айгуль Махамбетовна көпшілік ортадағы сырт келбеті, киім кию мәдениеті, әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен сөйлесу кезіндегі әдептілік нормалары туралы ой қозғады. Ұстаз имиджінің қоғамдағы маңызы, эмпатия және дұрыс сөйлеу мәдениеті талқыланды.

Пікір алмасу: Ұжым мүшелері өз ойларымен бөлісіп, педагогикалық әдептің бұл бағыты әр ұстаздың абыройы екенін жеткізді.

Қабылданған шешім :

1. Педагогтің іскерлік сырт келбеті мен сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар ұжымда үнемі басшылыққа алынсын.
2. Балабақша ішінде этикалық нормалардың сақталуы назарда болсын.

Кеңес Төрайымы :

Кеңес Хатшысы:




Умарова А.М.

Бердонгарова А.Ж.

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 18 мамыр 2026 жыл

Өткізілетін орны: Муз зал

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы: Умарова Айгуль Махамбетовна

Бердонгарова А.Ж.

кеңес мүшелері:

Изжанова Э.А.

Куанышова К.

Дүйсен А.С.

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық есебін тыңдау.
2. Жыл бойы кәсіби әдеп нормаларын сақтап, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан педагогтарды марапаттауға ұсыну.

I. Бірінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Умарова Айгуль Махамбетовна 2025-2026 оқу жылында атқарылған жұмыстардың жылдық есебін таныстырды. Баяндама барысында оқу жылы ішінде педагогтар арасында әдеп нормаларын сақтау, ұжымдағы психологиялық ахуалды жақсарту, құқықтық түсіндіру жұмыстары мен алдын алу шаралары жүйелі жүргізілгені атап өтілді.

Сөз сөйлегендер: Кеңес мүшесі Изжанова Э.А. жылдық жұмыстың нәтижесі оң бағаға лайық екенін айтып, есепті қанағаттанарлық деп тануды ұсынды.

Қаулы етті (1-мәселе бойынша):

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің 2025-2026 оқу жылындағы атқарған жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Келесі оқу жылында да педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы бақылауда ұсталып, жүйелі жұмыстар жалғастырылсын.

II. Екінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: Кеңес мүшесі Куанышова К. 2025-2026 оқу жылында кәсіби шеберлігімен, ұжымдағы сый-құрметпен және белсенділігімен көзге түскен бірқатар ұстаздарды балабақша басшылығы атынан марапаттауға ұсыну қажеттігін жеткізді. Олардың қатарына Умарова А.М., Изжанова Э.А., Бердонгарова А.Ж., Дүйсен А.С., Талғатова Б.Т. ұсынылды.

Талқылау: Кеңес мүшелері ұсынылған кандидатураларды бірауыздан қолдап, марапатқа лайық екендіктерін растады.

Қаулы етті (2-мәселе бойынша):

1. Белсенді әрі үлгілі жұмыс атқарған педагогтарды марапаттауға ұсыну жөніндегі ұсыныс бірауыздан мақұлданын.
2. Марапатқа ұсынылған педагогтердің тізімі мектеп әкімшілігіне (директорына) бекітуге жолдансын.

Кеңес төрағасы:

Умарова А.М.

Кеңес хатшысы:

Бердонгарова А.Ж.